

## МІНБЕР

Біздің баршамыз ерекше оқиғаларға толы айрықша кезеңде өмір сүрудеміз. Бұл еліміздің жаңғыруы мен демократиялық өзгерістер уақыты. Ел экономикасының алға басып, әлеуметтік өзекті мәселелерді батыл шешу кезеңі. Бұл бейбітшілік пен қауіпсіздікті жақтайтын Қазақстанның халықаралық беделінің нығая түскен дәуірі. Мемлекетіміздің толыққанды демократияға қадам басып, экономикалық және саяси дамудың жаңа кезеңіне көтерілген сыңарлы сәті.

Парламент қабылдаған өзгерістер мен толықтырулар сипаты - Конституциямыз жаңа мазмұнға ие болғанын көрсетеді. Бұл демократиялық мемлекеттің негізгі заңы болып табылады.

Конституциялық реформа авторы Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі болды. Ол Мемлекеттік комиссияны және кейін жұмыс тобын тікелей басқарды.

Бұл шешімді ол еліміздің болашағы үшін және демократиялық ел ретінде гүлденіп даму үшін қабылдады.

Біздер баршамыз Қазақстанды қайта жаңартуға және демократиялық трансформациялауға бағытталған түбегейлі өзгерістер кезеңінде өмір сүріп, жұмыс істеп жатырмыз.

Бұл - еліміз экономикасының теңдессіз өркендеу, неғұрлым өзекті әлеуметтік проблемаларды шешу дәуірі.

Бұл - Қазақстанның халықаралық аренада бейбітшілік пен қауіпсіздікті жақтайтын, беделді мемлекет ретінде орнығу дәуірі.

Бұл - біздің еліміздің толық ауқымды демократияға аршындап өту, экономикалық және саяси дамудың жаңа деңгейіне шығу дәуірі.

Менің сөзімнің нысанасы - конституциялық реформаның нақты жаңалықтарын және оны заңнамалық қамтамасыз ету үшін бұдан туындайтын міндеттерді белгілеу.

**Бірінші.** Мемлекет Басшысының жекелеген өкілдіктерін Парламентке беру.

Президенттік басқару нысаны сақтала отырып, мемлекеттік басқару жүйесіндегі парламентаризмді күшейту жөнінде ұтымды шешім қабылданды. Әңгіме тұтастай бірқатар өкілеттіктерді Парламенттің міндеттері мен жауапкершілігінің пайдасына қарайтын мәнінде қайта бөлу жөнінде, басқаша айтқанда, президенттік-парламенттік басқару нысанына іс жүзінде көшу туралы болды.

**Екінші.** Президенттің өзі президенттік басқару мерзімін 7 жылдан 5 жылға дейін қысқартуға бастамашылық жасады. Бұл мемлекет Басшысының демократиялық ұмтылыстарының дәйектілігін айғақтайды.

**Үшінші.** Парламент депутаттарының үлкен тобы бастамашылық еткен түзетуді қабылдады, оған сәйкес Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Тұңғыш Президент әрі жалпыға танылған ұлттық көшбасшы ретінде ерекше құқыққа ие болып, Конституцияда белгіленген екі мерзімнен тыс, әрине, баламалы негізде Мемлекет Басшысының лауазымына дауысқа түсу мүмкіндігін алды. Конституцияның осы бабы бойынша депутаттар қабылдаған шешім сайлаушылардың басым көпшілігінің пікірін білдіретініне сенімдімін.

**Төртінші.** Сайлау жүйесін демократияландыру.

Президент еліміздің қоғамдық-саяси дамуының нақты жағдайларын, үрдістері мен серілінін ескере келіп, депутаттардың жартысын - мажоритарлық, ал қалған жартысын бара-бар жүйе бойынша сайлауды ұсынған Мемкомиссияның ұсыныстарын одан әрі дамыта түскенін атап өту орынды. Президенттің Мәжіліс депутаттарының бара-бар жүйе бойынша сайлауға көшу жөніндегі ұсыныстары неғұрлым негізді болып табылады.

Бұл - демократияландыру саласында ілгері басқан елеулі қадам, өйткені Мәжіліс депутаттарын бара-бар жүйе бойынша сайлау саяси партиялардың рөлін, тиісінше біздің қоғамның елеулі бөлігінің белсенділігін арттыруға бағытталған. Аза-



**Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,**  
Қазақстан Республикасы Парламенті  
Сенатының Төрағасы

# ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕГІЗГІ ЗАҢЫ

маттар мемлекетті басқаруға неғұрлым көбірек қатысатын болады.

**Бесінші.** Мемлекеттік комиссияның Парламент санын 154 депутатқа дейін ұлғайту туралы ұсынысы қабылданды. Жоғары заң шығару органының осындай сандық құрамы Қазақстан үшін оңтайлы болып табылады.

Сенаттың құрамы президенттік квотаны арттыру есебінен 7-ден 15 депутатқа дейін көбейді және де олардың бір бөлігі ендігі жерде конституциялық мәртебе бекітіліп берілетін Қазақстан Халықтары Ассамблеясынан тиісті консультациялар алынғаннан кейін тағайындалатын болады.

Сенаттың рөлі де елеулі күшейе түседі. Енді жоғары палатаға «реттеуші билік» деп аталатын функция беріледі, яғни ол өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға байланысты туындайтын Мәжілістің уақытша болмауы кезеңінде бүкіл Парламенттің функцияларын орындайтын болады.

Қазірдің өзінде бар өкілеттіктерге қосымша, Сенатқа Ұлттық Банк Төрағасы лауазымына кандидатураны келісу құқығы беріледі. Парламент депутатының қандай да бір императивтік мандатпен байланысты болмайтындығы туралы норманы алып тастау депутаттар қызметіне қатысты принципті мәселе болып табылады.

**Алтыншы.** Конституцияға енгізілген түзетулерге сәйкес Үкі-

меттің Мемлекет Басшысының алдында ғана емес, Парламент алдында да жауапкершілігі белгіленеді.

Осылайша атқарушы билік көрсететін мемлекеттік қызметтердің жоғары тиімділігі мен сапасы, сондай-ақ оның органдары қызметінің қоғамдық есептілігі мен ашықтығы қамтамасыз етіледі. Тиісінше Үкіметтің жұмысына тиімді бақылау жасау жөнінде Парламенттің өкілдігі күшейтілді.

Елеулі бір жайт парламенттік көпшілік негізінде Үкіметті құру мен оның жұмыс істеуінің жаңа ережелерін жасау болып табылады. Енді Премьер-министрді бекітуде, демек бүкіл Үкіметті де бекітуде басты рөл Мәжіліске беріледі.

Мәжілістің Үкіметке сенімсіздік білдіруі үшін бұрынғыдай депутаттар дауысының үштен екісінің емес, депутаттардың жай көпшілік дауысы жеткілікті болады.

Премьер-министрдің жаңадан сайланған Мәжіліс алдында Үкіметке сенім білдіру туралы мәселе қою жөніндегі конституциялық міндеті Үкімет тағдырына ықпал ететін тағы да бір маңызды фактор болады.

Үкімет құрудағы мұндай оң жағдайлардың болуы орынды, мұны жұртшылық дұрыс қабылдады. Саяси партиялардың рөлі артады және парламенттік көпшілік партиясы Үкіметтің қызметі үшін жауапты болады.

**Жетінші.** Мемлекет Басшысы бастамашылық жасаған Азаматтық

форум билік пен үкіметтік емес ұйымдар арасында сындарлы диалог орнату үшін ерекше маңызға ие болуда, мұның аясында Қазақстанның Азаматтық Альянсы құрылды. Оның заң шығару процесстеріне қатысуын қамтамасыз ету үшін Парламент Мәжілісі жанынан қоғамдық сарапшылар палатасы тағайындалды.

Бүгінгі таңда билік пен үкіметтік емес ұйымдар диалогының жоғары деңгейіне қол жеткізілді, бұл қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық өмірінде азаматтық қоғам институттарының рөлін одан әрі күшейтуге мүмкіндік береді.

**Сегізінші.** Жергілікті өзін-өзі басқару мәселелеріне қатысты өзгерістер мен толықтырулар. Оларды мемлекеттің Негізгі Заңына енгізу Қазақстанның бүкіл халқының көп жылғы және мүдделі талқылауының нәтижесі болып табылады.

Мұның өзі ешбір әсірелеусіз айтқанда Қазақстандағы демократияның өзекті мәселесі. Халықты жергілікті маңызы бар мәселелерді белсене шешуге қатыстыруға тарту үшін тиімді өзін-өзі басқару керек. Бұл - адамдар мемлекеттің көмегіне жәй ғана иек артпай, өзекті проблемаларды өздері шешуі үшін қажет. Жергілікті билік, сайып келгенде, бұдан қажетті бедел мен өкілеттіктерге ие болады.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың негізі мәслихаттар болатыны Конституцияда баянды етілген, оларға арнаулы заңға сәйкес мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға өкілеттік берілуі мүмкін.

Жергілікті жерлерде биліктің тұрақтылығын қамтамасыз ету

Конституциялық реформа Қазақстанның жаңа тарихи дәуірге қадам басып білдіреді. Президент Нұрсұлтан Назарбаев біз атап өткен барлық өзгерістердің авторы бола отырып, аса көрнекті реформатор және мемлекеттік қайраткер ретіндегі өз мәртебесін дәйектеп берді.

Конституциялық реформа - Мемлекет Басшысының қарымды, стратегиялық ойлауының, оның алысты болжай білуінің айналы. Әсіресе ерлігі мен қайыспас ерік-жігерін атап өткім келеді.

Ұлы істердің, прогрессивті реформалар мен жаңашылдықтың қоғамда өзінің жақтаушыларымен бірге оппоненттері де болады. Бүкіл ел бойынша өтетін митингілер, активтер, еңбек ұжымдарының жиналыстары және азаматтардың жиындары Мемлекетіміз Басшысының, Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың жаңа демократиялық бастамаларын республика халқының толық қолдайтынын айқын дәлелдеді.

Осыған байланысты, бүгінде ел Парламентінің алдында қолданыстағы заңнаманы Конституцияға қабылданған өзгерістерге сәйкес келтіру міндеті тұр.

Ең алдымен, Президенттің, Парламенттің және Үкіметтің арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлуге байланысты конституциялық заңдарға өзгерістер енгізу қажет. Конституциялық реформалардың жаңашылдығы сайлау заңнамасында да өзінің көрінісін табуға тиіс. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарын құру мен олардың қызметінің принциптерін одан әрі дамыту «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Жергілікті өзін-өзі

басқару туралы» арнаулы заңдарда іске асырылатын болады.

Бұдан басқа, сот жүйесі туралы заңнамаға тиісті түзету енгізу қажет. Барлық өзгерістер Қазақстанның әлемдік қоғамдастықтың толыққанды мүшесі екенін ескере отырып жүргізілуге тиіс. Мәселен, жуырда біз Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің демократиялық сайлау стандарттары, сайлау құқықтары мен бостандықтары туралы конвенцияға қосылдық. Бұл Конвенция халықаралық құқықтың жалпы-жұрт таныған принциптері мен нормаларының, ең алдымен, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің БҰҰ, ЕҚЫҰ шеңберіндегі халықаралық міндеттемелерінің негізінде даярланды.

Ішкі құжаттарымыз туралы да ұмытпауымыз керек. Мен Парламенттің, Сенаттың, Мәжілістің регламенттерін айтып тұрмын. Бұл жұмысты біз бастадық та.

Палата депутаттары мемлекет Басшысының стратегиялық бағытын заңнамалық қамтамасыз ету жөнінде алда тұрған міндеттерді орындайды, еркін, демократиялық және гүлденген мемлекет - Қазақстан Республикасын құруға лайықты үлес қосады деп сенемін.

Мемлекетіміздің көшбасшысы - Нұрсұлтан Әбішұлы ұсынған жаңғырудың жаңа моделімен, еліміз саяси реформалардың әлемдік стандарттары бойынша, бірақ бұл ретте өзіндік, қазақстандық келбетпен дамытын болады. Әлемнің дамыған демократиялық елдерімен бір қатарда өзінің лайықты орнын иелену - мемлекетіміздің ұлы жетістігі. Мұнымен мақтануға болады.

Қазақстанды және халқымызды гүлденген жарқын болашақ күтіп тұрғанына күмәнданбаймын, оған бізді Президент Нұрсұлтан Назарбаев сеніммен бастап барады.

Сайып келгенде, елде шынтуайтында енді өлім жазасы жойылды.